



**Қазақстан Республикасы
экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі
«КАЗГИДРОМЕТ» РМҚ**

**2022 жылғы мамыр айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



Алғы сөз.....	5
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы	6
Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері.....	7
2022 жылдың мамыр айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	8
Мамыр айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма)	8
2022 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы	9
Мамыр айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма)	9
2022 жылы Қазақстан аймақтары бойынша мамыр айында күтілетін орташа ауа температурасы	10
Ауа райының облыстар бойынша кестесі	11
2022 жылдың мамыр айына арналған ҚР облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы	13
Алматы облысы	13
Жамбыл облысы	14
Түркістан облысы	15
Қызылорда облысы	16
Атырау облысы	17
Маңғыстау облысы.....	18
Батыс Қазақстан облысы	19
Ақтөбе облысы	20
Қостанай облысы	21
Солтүстік Қазақстан облысы	22
Ақмола облысы	23
Павлодар облысы	24
Қарағанды облысы	25
Шығыс Қазақстан облысы	26

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Нұр-Сұлтан қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры
М. Шмидт, тел. 8 (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының бастығы
Ж.Исабекова, тел. 8 (7172) 79-83-95.

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженер-синоптик
О.Васюкова

Аударған: М.Сакимова, А.Бейсенбаева
тел. 8 (7172) 79-83-95.

Қазақстан аймағындағы мамыр айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Мамыр айында көктем аяқталып, жазғы кезең басталады. Бұл айға құбылмалы ауа райы, жылудың әркелкі таралуы, жылы ауа райынан кейін қайта оралатын суық тән.

Сәуірден мамыр айына қарай ауаның орташа айлық температурасы көтеріле береді, бірақ сәуір айымен салыстырғанда баяу жоғарылайды.

Республиканың солтүстік облыстарында ауаның орташа айлық температурасы 10-11°C жоғарылайды және оңтүстік облыстарда +10+14°C құрайды, ал оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарында 4-5°C-қа жоғарылайды және +16+21°C құрайды.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы солтүстікте +7+9°C, оңтүстікте +15+17°C дейін төмендейді, ал өте жылы жылдары Қазақстанның солтүстік жартысында +16+20°C, оңтүстік жартысында +22+24°C дейін жоғарылайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы республиканың солтүстігінде мамырдың бірінші онкүндігінде тұрақты кезеңге +10°C-тан өтуі болады. Ауаның орташа тәуліктік температурасы Қазақстанның оңтүстік облыстарында мамырдың соңында + 20°C-тан өтуі болады. Кейбір жылдары бұл кезең 2-3 аптаға ертерек немесе орташа уақытынан осынша кешірек болуы мүмкін.

Қазақстанның оңтүстік және батыс аудандарында үсік әдетте мамырдың бірінші жартысында, ал солтүстік аудандарда айдың соңында аяқталады. Батыста және оңтүстік-шығыста кейбір жылдары айдың соңына дейін жалғасуы мүмкін. Орталық, Шығыс және Солтүстік Қазақстанда маусым айында да үсік байқалады.

Ауаның абсолюттік жоғары температурасы солтүстік облыстарда +35+39°C, оңтүстік облыстарда +40+45°C.

Ауаның абсолюттік минималды температурасы барлық жерде теріс мәндерге дейін төмендеуі мүмкін: республиканың солтүстігі мен шығысында -10-15°C, Ақмола облысында -20°C, оңтүстік-шығысында -3-14°C, оңтүстігінде -4-10°C дейін.

Жауын-шашынның мөлшері сәуірден мамырға қарай Қазақстанның солтүстік бөлігінде және оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында көбейіп, бір айда солтүстік облыстарда 21-52 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыс және шығыстың таулы аудандарында 100-200 мм құрайды.

Оңтүстік-батыста және оңтүстіктің шөлді аудандарында жауын-шашынның мөлшері біршама азайып, 6-16 мм жетеді.

Кей жылдары жауын-шашынның мөлшері күрт ауытқып, қалыптағыдан 2-3 нормаға дейін, ал шөлді аудандарда 4-5 нормаға дейін жауады.

Жауын-шашын көбінесе жаңбыр түрінде болады. Жаңбыр нөсерге ұласып, тәулік ішінде Қазақстанның солтүстігінде 25-30 мм, кей жерлерде 67-75 мм, тау бөктерлерінде 46-62, тауларда 95 мм және одан көп болады.

Кейбір жылдары Республиканың солтүстік жартысында, сол сияқты оңтүстік шығыстағы таулы және тау бөктерлеріндегі аудандарда жауын-шашын қар түрінде болуы мүмкін.

Республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыстағы таулы аудандарында күннің күркіреуі жиілейді. Бұл жерлерде күннің күркіреуі 4-6, ең көп 12-15, республиканың солтүстігінде орташа есеппен 1-4, ал ең көп 14 рет күркірейді.

Мамыр айында бұршақ көптеген аймақтарда 10 жылда 2-5 рет, шөлейт аймақтарда 10 жылда 1-2 рет, ұсақшоқылы аудандарда 10 жылда 4-8 рет, Іле Алатауының тауларында айына 1-3 рет болады.

Республиканың көптеген жазықты аймақтарында қатты дауыл 24-34, кей жерлерде 40 м/с жылдамдықпен, 15 жылда 1-3 рет болады.

Шаңды дауылдар ең көп саны Батыс Қазақстан облысында және Атырау облысының солтүстігінде 3-9 тәулікке, Сырдария аңғарында, Қазақтың ұсақшоқылы жерінің батыс бөлігінде және Ертіс даласында – 4-7 тәулікке, қалған аймақтарда 1-3 тәулікке дейін байқалады.

Мамыр айында тұманның байқалуы көбінесе тау бөктерлерде айына – 1-2, тауларда – 4-10 тәулік, қалған аймақтарда 10 жылда 2-ден 7 тәулікке дейін болады.


Мамыр айында Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (1981-2010 жж. нормасы)

Облыс	Ауа температурасы °С	Жауын-шашын мөлшері, мм
Алматы	+2,4...+18,6	10...147
Жамбыл	+14,2...+19,4	14...66
Түркістан	+10,2...+21,6	15...95
Қызылорда	+18,9...+20,9	7...21
Манғыстау	+17,3...+20,3	15...30
Атырау	+17,0...+18,5	15...30
Батыс-Қазақстан	+15,1...+17,5	18...34
Ақтөбе	+13,1...+17,8	20...41
Қостанай	+12,6...+16,4	17...41
Солтүстік-Қазақстан	+12,4...+13,2	28...38
Ақмола	+11,8...+14,3	27...43
Қарағанды	+12,0...+17,8	10...42
Павлодар	+13,1...+14,7	21...36
Шығыс-Қазақстан	+6,3...+16,8	15...87


2022 жылдың мамыр айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы

Мамыр айында республиканың басым бөлігінде ауаның орташа температурасы *нормаға жуық*, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының шығыс жартысында, Қарағанды облысының солтүстік - шығысында *нормадан 1° жоғары* болады деп күтілуде.

2022 жылдың мамыр айында күтілетін ауа температурасының нормадан ауытқуы




Мамыр айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1981-2010жж)




2022 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Мамыр айында республиканың басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері *нормаға жуық* болады деп болжануда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының басым бөлігінде, Қызылорда облысының оңтүстік-батысында, Ақтөбе облысының қиыр оңтүстігінде, Алматы облысының солтүстік-шығысында, Павлодар облысының оңтүстік-шығысында *нормадан аз*, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* болжанады.

2022 жылдың мамыр айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Мамыр айында орташа көпжылдық жауын-шашын мөлшері (1981-2010жж)




2022 жылдың мамыр айына ауа райы кестесі


Алматы облысы




Жамбыл облысы




Түркістан облысы




Қызылорда облысы




Манғыстау облысы



Атырау облысы



Батыс Қазақстан облысы



Қазақстан облыстары бойынша 2022 жылғы мамыр айына консультативтік ауа-райы болжамы

Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+10,5+19,5^{\circ}\text{C}$ (норма: $+9,8+18,6^{\circ}\text{C}$), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда $+2,9+6,9^{\circ}\text{C}$ (норма: $+2,4+6,0^{\circ}\text{C}$), бұл нормаға жуық күтіледі.


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+14^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстікте және таулы бөктеріндегі аудандарда $+22^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте, тау және таулы бөктеріндегі аудандарда *түнде* 2° үсік болуы мүмкін, *күндіз* $+10^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, топырақ бетінде 3°C -қа дейін үсік жүреді, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда *түнде* 6° үсік болуы мүмкін, *күндіз* $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін әрі қарай төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда *түнде* $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+29+34^{\circ}\text{C}$, таулы және тау бөктерлі аудандарда *түнде* $+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан қәрі жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормаға жуық, облыстың солтүстігінде - нормадан аз (норма: 10-50 мм), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда нормадан көп күтіледі (норма: 51-147 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің ортасында және соңында болуы мүмкін.



Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,0+20,3^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл нормаға жуық (норма: $+14,2+19,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында $+10^{\circ}\text{C}$, $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+33^{\circ}\text{C}$, $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктерлі аудандарда $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда $+17^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+3+8^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктерлі аудандарда *түнде* 1°C дейін үсік күтіледі, *күндіз* $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда $+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде. Одан кейін ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндік соңында ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+18^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+29+34^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормаға жуық (норма: 14-39 мм), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда нормадан көп күтіледі (норма: 59-66 мм).

Жаңбыр, найзағай, жел $15-20$ м/с жиі бірінші және екінші онкүндіктерде және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл айдың басында және ортасында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+11,0+22,3^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+10,2+21,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктері аудандарында *түнде* $+5^{\circ}\text{C}$ -тан $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда *түнде* 1°C -қа дейін үсік күтіледі, *күндіз* $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндік соңында ауа температурасы *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы және тау бөктерлі аудандарда *түнде* $+5^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, таулы және тау бөктерлі аудандарда *түнде* $+1^{\circ}\text{C}$ -тан $+6^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аутқиды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы және тау бөктерлі аудандарында *түнде* $+6^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте және таулы және тау бөктерлі аудандарда *түнде* $+6^{\circ}\text{C}$ -тан $+11^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін аутқиды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормаға жуық, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда нормадан көп күтіледі (норма: 15-49 мм, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда 50-95 мм).

Жаңбыр, найзағай жиі айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі соғады. Үшінші онкүндіктің ортасында шаңды дауыл күтіледі.



Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+19,5+21,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+18,9+20,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$, $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте $+21^{\circ}\text{C}$, $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде $+34^{\circ}\text{C}$, $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстікте $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+12^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $+20+25^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың оңтүстік-батыс жартысында нормадан аз, солтүстік – шығыста нормаға жуық күтіледі (норма: 7-21 мм).

Жаңбыр, найзағай жиі айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі соғады. Шаңды дауыл үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,5+19,1^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+17,0+18,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+4+9^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың батысында $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндік соңында ауа температурасы *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+9+14^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстік-батысында *түнде* $+25^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндік соңында ауа температурасы *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстік-батысында *түнде* $+12^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық болады (норма: 15-30 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с айдың басында, ортасында және соңында болжанады. Найзағай-екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+17,5+20,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+17,3+20,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында $+23^{\circ}\text{C}$, $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстігінде $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндік соңында ауа температурасы түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың батысында $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста $+5^{\circ}\text{C}$ -тан, $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында $+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасы түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді. Онкүндік соңында ауа температурасы түнде $+18+23^{\circ}\text{C}$, шығыста $+26^{\circ}\text{C}$, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстігінде нормаға жуық күтіледі (норма: 15-30 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с бірінші, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Найзағай-екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында. Тұман бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болуы мүмкін.



Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+15,5+17,9^{\circ}\text{C}$, бұл норма шамасында (норма: $+15,1+17,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+4^{\circ}\text{C}$, күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің ортасында ауа температурасы түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $+6+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$, күндіз $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+13+18^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-батыста $+21^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, шығыста $+6^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, оңтүстік-батыста $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық күтіледі (норма: 18-34 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с жиі айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай бірінші, екінші және үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Шанды дауыл, бұршақ-екінші онкүндіктің ортасында.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,5+18,5^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+13,1+17,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -тан -1°C -қа, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін - түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауа температурасы жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+16^{\circ}\text{C}$, күндіз $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+2+7^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі, облыстың солтүстігінде 2°C дейін үсік күтіледі, күндіз $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың солтүстігінде $+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+12+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормаға жуық, облыстың қиыр оңтүстігінде - нормадан аз (норма: 20-41 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с жиі айдың бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай-бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші және үшінші онкүндіктің соңында. Бұршақ бірінші онкүндіктің ортасында мүмкін. Тұман екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,5+17,2^{\circ}\text{C}$, бұл нормаға жуық (норма: $+12,6+16,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3°C -қа дейін үсік, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндік соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде 2°C үсік болады, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 2°C дейін үсік күтіледі, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+7^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстікте $+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық болжанады (норма: 18-41 мм).

Айдың бірінші жартысында жиі жаңбыр жауады деп күтілуде. Найзағай-бірінші онкүндіктің соңында және екінші онкүндіктің ортасында. Бұршақ екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі бірінші және екінші онкүндіктерде күтіледі. Тұман бірінші және екінші онкүндіктердің соңында болуы мүмкін.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,2+14,3^{\circ}\text{C}$ күтіледі, бұл облыстың батыс жартысында - нормаға жуық, шығыс жартысында – нормадан 1° жоғары (норма: $+12,4+13,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3°C -қа дейін үсік күтілуде, күндіз $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$, күндіз $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+12+17^{\circ}\text{C}$ -тан $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+9+14^{\circ}\text{C}$, шығыста $+17^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық болжануда (норма: 28-38 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай-екінші және үшінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+14,4+16,0^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+13,1+14,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде 3°C -қа дейін үсік, *күндіз* $+17+22^{\circ}\text{C}$ -тан, шығыста $+12^{\circ}\text{C}$ -тан $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+13^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $0,-5^{\circ}\text{C}$ – қа, *күндіз* $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстікте $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+24+29^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $+15+20^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $+10+15^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+25+30^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* $+20^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі байқалады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормаға жуық, облыстың оңтүстік – шығысында нормадан аз күтіледі (норма: 21-36 мм).

Жаңбыр жиі бірінші және екінші онкүндіктерде, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай-екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында. Жел $15-20$ м/с бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман бірінші онкүндікте жиі күтіледі.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $+13,0+18,4^{\circ}\text{C}$, бұл облыстың басым бөлігінде нормаға жуық, облыстың солтүстік-шығысында нормадан 1° жоғары (норма: $+12,0+17,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде $+7^{\circ}\text{C}$ -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа, оңтүстік-шығыста $+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Одан кейін ауа температурасының түнде $+1+6^{\circ}\text{C}$, күндіз $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында-ауа температурасының түнде $+8+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде түнде $+16^{\circ}\text{C}$, күндіз $+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде 3°C -қа дейін үсік, күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+18+23^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$, күндіз $+13+18^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде түнде $+13^{\circ}\text{C}$, күндіз $+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+15+20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік - шығысында $+12^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $+27+32^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндік соңында ауа температурасы түнде $+10+15^{\circ}\text{C}$, күндіз $+22+27^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде түнде $+20^{\circ}\text{C}$, күндіз $+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендейді.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормаға жуық күтіледі (норма: 10-42 мм).

Жаңбыр, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі. Найзағай-бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Тұман екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін.



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы $+7,5+17,8^{\circ}\text{C}$, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $+6,3+16,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде $+8^{\circ}\text{C}$ -тан $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+29^{\circ}\text{C}$ -тан $+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстікте, облыстың таулы және тау бөктеріндегі аудандарында 5°C -қа дейін үсік, күндіз ауа температурасының $+7+12^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін-ауа температурасының біртіндеп жоғарылауы.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда $+7+12^{\circ}\text{C}$, күндіз $+25+30^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз (норма: $15-47$ мм), таулы және тау бөктеріндегі аудандарда нормаға жуық (норма: $51-87$ мм) болжанады.

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай-екінші онкүндіктің ортасында және үшінші онкүндіктің басында. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Айдың басында тұман болуы мүмкін.



Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz



Республика Казакстан
г. Нұр-Сұлтан
ул. Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
udpp@meteo.kz